

Қажетті құжаттар тізімі

Резидентураға түсетін адамдар қабылдау комиссиясына немесе университеттің ақпараттық жүйесі арқылы **3 - 25 шілде 2021ж.** келесі құжаттарды ұсынады:

1. Ректордың атына жазылған өтініш (өтініш берушілер өтініште бір негізгі, ал қаласаңыз, 2 балама білім беру бағдарламаларын көрсетеді);
2. Денсаулық сақтау саласындағы бакалавр дәрежесін беру туралы диплом және дипломға қосымшалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (түпнұсқалары мен көшірмелері);
3. Дәрігер біліктілігін беру туралы Диплом және дипломға қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі қосымша (түпнұсқалары мен көшірмелері);
4. Интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі;
5. Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының көшірмесі (бар болса);
6. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
7. Еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болса);
8. 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
9. 075-у медициналық анықтама;
10. Деканның қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталған интернатурадағы қорытынды аттестаттаудың 1-кезеңінің ("Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы" РҚБ (ҰТЕО) өткізетін тестілеу) нәтижесі;

Егер интернатураны бітірген жылы тестілеу жүргізілмесе, онда оқуға түсуші қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырғанға дейін "Жалпы медицина"/ "Стоматология" білім беру бағдарламасы бойынша тестілеуді ҰТЕО-ға тапсырады.

11. Б. Атшабаров атындағы ІМҒЗИ ғылыми және инновациялық бөлімінің ғылыми жарияланымдардың болуы туралы анықтама (болған жағдайда);
12. Шарт жасасу және оқу шығындарын төлеу туралы ұйымнан кепілдік хат (ақылы негізде оқуға түсушілер үшін).